

Беттің және ауыз қуысы жұмсақ тіндерінің қатерсіз ісіктері мен ісік тәрізді түзілістер.

Этиология және патогенезі

Ісіктердің жасуша трансформациясының дамуы әлі күнге дейін дұрыс анықталмаған. Алайда қазіргі таңда ісіктің дамуына бірнеше факторлар әсер етеді.

- Химиялық факторлар- полицикликалық көмірсулар және де басқа да химиялық заттар ДНК жасушасына еніп, оның құрамын бөгеді.
- Физикалық факторлар- клетка құрылымына ультра күлгін сәулесі және де сондай-ақ, иондалған радиация әсер етеді, ісікті туындатады.
- Механикалық жарақаттар
- Биологиялық факторлар- вирустар
- Иммунитеттің төмендеуі
- Эндокринді жүйенің төмендеуі

Қатерсіз ісіктердің түрлері



Амелобластома (адамантинома) – бұл эпителий тіннен дамитын одонтогенді ісік. Көбіне төмеңгі жақсүйектің азу тістер аймағында, төмеңгі жақсүйек бұрышында және оның тармағында дамиды. Ісіктің іріңдеу нәтижесінде қабыну процессі орын алады. Сондықтан оны абсцестен және флегмонадан ажырату қиындыққа соғады.

Ісік өскен сайын тістер қозғалмалы болып келеді. Оның нәтижесінде шайнау қызметі бұзылады.

Амелобластомаға тән :

- Әртүрлі өлшеміне байланысты дөңгелек қуыстардың болуы.
- Қуыстар бір-бірімен жымдасады



Ажырату нақтамасы:

- Одонтогенді кистадан
- Остеобластокластомадан
- Сүйекішілік гемангиомадан
- Қатерлі ісіктен

Папиллома

Емізікше тәріздес ісік.
Диаметрі 1-2 мм ден 2 см ге дейін жетеді. Түсі әртүрлі, алайда папилломаның түсі айнала шырышты қабығының түсіне сәйкес келеді. Бірақ эпителий мүйізделу уақытында ақшыл түстес болады.

Папилломалар ауырсынбайды, кездейсоқ анықталады. Егер де папиллома науқастың тілінің ұшында орналасатын болса, қиындықтар туғызады. Олар зақымдалып, қаңсырайды.



Фиброма



Тығыз түін түрінде. Ұрттың, тілдің, еріннің және басқа да аймақтарда орналасады. Ауырсынбалы, баяу өсетін ісік. Өлшемі үлкен болған жағдайда эстетикалық және функционалды өзгерістерге әкеледі. Ретромоляр аймақтағы фибромалар ауыз ашылудың қиындауына, тіл түбіріндегі фибромалар дисфагияға әкеліп соқтырады.



Папилломаға қарағанда ісіктің ішіндегі эпителий шырышты қабығы мүйізделмейді. Беткейі тегіс, қызғылт түсті.

Липома



Липома – майлы тіннен дамидын ісік. Баяу өседі, ауырсынбайды. Баспалағанда ісіктің қатар қатар орналасуы айқындалады. Липоманың консистенциясы жұмсақ- эластикалық, айқын шекаралы, беткей орналасқан жағдайда қозғалмалы.

Неврома

Неврома- нерв талшықтарының өсуімен сипатталатын ісік.
Консистенциясы тығыз,я болмаса жұмсақ.
Невромалар перифериялық соматикалық нервпен байланысты.
Баспалағанда басқа ісіктерден гөрі, ауырсынады.



Гемангиома

Ең жиі кездесетін қантамырлар ісігі. Гемангиома қантамыр арнасының құрылымына байланысты капиллярлы, кавернозды, бұтақты және комбинерленген болып ажыратылады.



Атерома

Май бездерінің шығару өзегінің бітелу салдарынан дамиды. Өзектің бітелуі жиі жарақаттық салдарынан пайда болады. Атеромалар бет және бастың шашты аймақтарында кездеседі.



Диагностикасы:

Науқастың шағымын, анамнезін жинау, объективті қарау, пальпация, лабораторлы, гистологиялық зерттеу нәтижесінде нақты диагноз қойылады.

Қатерлі ісіктерді емдеу :

1. Хирургиялық ем
2. Папилломаны емдегенде криодеструкцияны пайдалануға болады.